

Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту бойынша ұлттық жобаны іске асыру шеңберіндегі сатып алулардың электрондық платформасының әкімшісін айқындау туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 25 тамыздағы № 313 бұйрығы

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-11-бабының 3-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Самұрық-Қазына Келісімшарт"т жауапкершілігі шектеулі серіктестігі энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаның сатып алудың электрондық платформасының әкімшісі болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Цифрлық трансформация департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде оны ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына қазақ және орыс тілдерінде жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Е. Нағаспаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК